

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол-көлік инфрақұрылымын, көліктік логистиканы және авиатасымалды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 тамыздағы № 689 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол-көлік инфрақұрылымын, көліктік логистиканы және авиатасымалды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол-көлік инфрақұрылымын, көліктік логистиканы және авиатасымалды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат;

№ 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; 2015 жылғы 21 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 5 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

694-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«694-бап. Аралас тасымалдар

Екі немесе одан көп көлік түрлерімен бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (коносамент) бойынша тасымалдау (аралас тасымалдар) кезіндегі өзара қарым-қатынастар, сондай-ақ осындай тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі көлік туралы заңнамалық актілерге сәйкес тиісті көлік түрлері ұйымдарының арасындағы жасалатын шарттармен белгіленеді.»

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, № 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; 2015 жылғы 17 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сумен жабдықтау және су бұру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты кредиттеу және субсидиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 15 маусымдағы Қазақстан Республикасының

Заңы; 2015 жылғы 5 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1 5 7 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қазақстан Республикасының Үкіметі жасаған қарыз шарты шеңберінде іске асырылып жатқан бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша бюджеттік инвестициялық жобалардың сметалық құнын ұлғайтуды қаржыландыру, егер қарыз шартының талаптарына сәйкес мердігермен азаматтық-құқықтық шартта қарыз құнын ұлғайтуды қаржыландыру жөнінде өзге де талаптар белгіленген болса, азаматтық-құқықтық шартқа сәйкес жобалау-сметалық құжаттамаға түзетусіз мүмкін болады.»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Осы баптың 2-тармағының екінші абзацында көрсетілген бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша азаматтық-құқықтық шарттардың талаптарына сәйкес жол учаскелерінің сметалық құнын ұлғайтуды қаржыландыруға Республикалық бюджет комиссиясының қарауынсыз жол берілмейді.»;

2) 215-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тізбесін белгілейтін инвестициялық жобаларды іске асыру үшін астананың көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын Автомобиль жолдары мен компанияларды басқару жөніндегі ұлттық компанияны қоспағанда, мемлекеттік емес қарыз бойынша мемлекеттік кепілдік берілгені үшін қарыз алушыдан мемлекеттік кепілдік беру кезінде жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғалар үшін, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдинг және акцияларының жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі басқа заңды тұлғалар үшін мемлекеттік кепілдік сомасының 0,2 пайызы мөлшерінде алдын ала біржолғы төлем (алым) алынады.»;

3) 216-баптың 3) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) тізбесін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін инвестициялық жобаларды іске асыру үшін астананың көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын Автомобиль жолдары мен компанияларды басқару жөніндегі ұлттық компанияны, сондай-ақ жобаларды іске асыруға екінші деңгейдегі банктерден қаржыландыруды көздейтін ұлттық холдингтер мен олардың еншілес ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейтін қарыздардың қайтарылуын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын екінші деңгейдегі банк

кепілдігінің не сақтандыру шартының болуы.

Банк кепілдігі қарыз шартының бүкіл қолданылу мерзіміне бір рет беріледі және негізгі борыш сомасын, сондай-ақ сыйақылардың, комиссиялардың, айыпақылардың (өсімпұлдың, айыппұлдың) барлық сомасын және қарыз шартына сәйкес қарыз алушы жүзеге асыратын өзге де төлемдерді жабады.

Сақтандыру шарты жоба бойынша қарыз алушыны дефолтқа және мемлекеттің мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерін орындауына әкеп соқтыруы мүмкін тәуекелдерді сақтандыруды қамтамасыз етуге тиіс;»;

«9) тізбесін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін инвестициялық жобаларды іске асыру үшін астананың көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын Автомобиль жолдары мен компанияларды басқару жөніндегі ұлттық компанияны қоспағанда ұсынылатын инвестициялық жобаның құнына қатысты кемінде 30 пайызды құрайтын меншікті капиталының болуы;».

3. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі)(Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 63, 64, 65, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; 2015 жылғы 10 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 22 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «

Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дербес білім беру ұйымдарының қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 5 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

244-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«әуе көлігінде – қағаз жеткізгіште жазылған жүк жүкқұжат немесе электрондық нысанындағы әуе жүкқұжаты»;»;

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:
«транзитпен көліктің екі немесе бірнеше түрімен (аралас тасымал) кезінде – бірыңғай тауарлық-көліктік жүкқұжат (коносамент);»;

4. «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 447-құжат; 2001 ж., № 23, 309, 321-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 15, 63-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 17-18, 114-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 21-құжат; № 14, 92, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 123-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат):

1) 1 - б а п т а :

2) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
«2) клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы, жолаушы, кеме жалдаушы) – тасымалдаушымен жасалған шартқа сәйкес, ал аралас тасымалдау кезінде жасалған аралас тасымалдау шартына сәйкес көлікті пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға немесе мемлекет (атқарушы билік органдарының атынан);»;

«10) аралас тасымалдар – бірыңғай тауар-көлік жүкқұжатпен (коносаментпен) көліктің екі немесе одан да көп түрімен тасымалдау;»;

мынадай мазмұндағы 10-1), 10-2), 10-3) және 10-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«10-1) бірыңғай тауар-көлік жүкқұжат (коносамент) – аралас тасымалдау операторының жүкті межелі пунктке жеткізу үшін өз иелігіне қабылдағанын куәландыратын құжат;

10-2) аралас тасымалдар операторы – аралас тасымалды ұйымдастыруды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлға;

10-3) аралас тасымалдар шарты – аралас тасымалды жүзеге асыру үшін аралас тасымал операторы мен клиент арасында жасалған шарт;

10-4) аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шарты – аралас тасымалдар операторлары және әртүрлі көлікпен тасымалдаушылар арасында жасалған шарт;»;

2) 9 - б а п т а :

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Метрополитенмен және жеңілрельсті көлікпен жолаушылар тасымалдауды субсидиялау қағидаларын жергілікті атқарушы орган айқындайды.»;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Жеңілрельсті көлікпен жолаушыларды тасымалдау бойынша қызмет көрсету астананың көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын компания және жергілікті атқарушы орган арасында жасалған ұзақ мерзімді қызмет көрсету келісімшарты негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.»;

3) 10-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жүктерді, жолаушыларды, багажды тасымалдауға және тасымалдауға байланысты қызмет көрсетуге, оның ішінде аралас тасымалдау кезінде, көлік қызметімен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметін қамтамасыз ететін ерікті (шарттық) тарифтер (осы Заңның 9-бабының төртінші бөлігінде көзделгеннен басқа жағдайларда) белгіленеді.»;

4) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«12-бап. Көліктің алуан түрі қатысатын аралас тасымал

Теміржол, теңіз, ішкі су, әуе және автомобиль көлігі көліктік логистика қағидастарын қолдана отырып және көлік инфрақұрылымын пайдалана отырып, аралас тасымалдар жүйесін құрайды.

Клиент, аралас тасымалдар операторы және көліктің әртүрлі түрімен тасымалдаушылар аралас тасымалдар қатысушылары болып табылады.

Аралас тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі мен талаптары, аралас тасымалдың шарттарын жасасудың негізгі ережелері мен тәртібі және аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін аралас қатынастар қағидаларымен белгіленеді.» ;

5) мынадай мазмұндағы 12-1, 12-2 және 12-3-баптармен толықтырылсын:

«12-1. Аралас тасымалдар шарты

1. Аралас тасымалдар шарты аралас тасымалдар операторы мен клиенттің арасында жасалады және мыналарды :

1) клиенттің және аралас тасымалдар операторының құқықтары мен міндеттерін;

2) клиенттің және аралас тасымалдар операторының жауапкершілігін;

3) бірыңғай тауар-көлік жүкқұжатын (коносаментті) толтыру тәртібін;

- 4) жеткізу мерзімі мен шарттарын;
- 5) межелі пункттерді;
- 6) жүктердің көлемін;
- 7) құны мен төлеу тәртібін;

8) осы Заңда және аралас тасымалдар қағидаларында көзделмеген аралас тасымалды, ұйымдастырудың өзге де шарттарын қамтуға тиіс.

2. Аралас тасымалдар операторының:

1) өзінің қасиеті, салмағы мен көлемінің параметрлері бойынша аралас тасымал шартында көрсетілген жүк туралы деректерге сәйкес келмейтін жүкті аралас тасымалдаудан бас тартуға;

2) клиент көрсеткен жаңа межелі пунктке еңсерілмейтін күштің салдарынан жүкті жеткізуге мүмкіндік болмаған жағдайда, аралас тасымалдаудан бас тартуға және жүк жөнелтушіні бұл туралы алдын ала хабардар ете отырып, жүкті оған қайтаруға құқығы бар. Бұл ретте аралас тасымалдар операторының қосымша шығыстарын, егер шартта өзгеше көзделмесе, жүк жөнелтуші (жүк алушы) төлейді;

3) клиенттен аралас тасымалдар шарты бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауды талап етуге құқығы бар.

Аралас тасымалдар операторының Қазақстан Республикасының заңдарында және аралас тасымалдар шартында белгіленген өзге де құқықтары бар.

3. Аралас тасымалдар операторы:

1) белгіленген мерзімде жүкті қабылдауға;

2) жөнелту пунктiнен межелі пунктке көліктің әр түрін пайдалана отырып, жүк тасымалдауды ұйымдастыруға;

3) тасымалдаудың әрбір кезеңінде жүктің қозғалысына мониторингті қамтамасыз етуге;

4) бүкіл сапар барысында жүктің сақталуын қамтамасыз етуге;

5) жүктің белгіленген мерзімде жеткізілуін қамтамасыз етуге;

6) жүкті алуға уәкілетті адамға (жүк алушыға) жүкті беруді қамтамасыз етуге міндетті.

Аралас тасымалдар операторына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де міндеттер жүктеледі.

4. Клиенттің:

1) мәлімделген жүкті тасымалдау үшін сапар маршруты, көліктің құрамы мен түрі жөнінде ақпарат алуға;

2) аралас тасымалдар операторынан аралас тасымалдар шарты бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауды талап етуге;

3) жазбаша құжаттық дәлелдемелерді көрсеткен жағдайда аралас тасымалдау кезінде келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

Клиенттің Қазақстан Республикасының заңдарына және аралас тасымалдар

шартына сәйкес өзге де құқықтары бар.

5. К л и е н т :

1) аралас тасымал шартында көрсетілген мерзімге сәйкес аралас тасымалдар операторына жүкті беруге;

2) аралас тасымалдар операторына аралас тасымал шартында көрсетілген барлық тиесілі төлемдерді төлеуге міндетті.

12-2-бап. Аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шарты

1. Аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шарты аралас тасымалдар операторы мен аралас тасымалға қатыстырылған көліктің әр түрімен тасымалдаушылар арасында ж а с а л а д ы ж ә н е о л :

1) аралас тасымалдар операторы мен аралас тасымалға қатыстырылған тасымалдаушылардың құқықтары мен міндеттерін;

2) аралас тасымалды жүзеге асыру шарты мен тәртібін;

3) құны мен төлеу тәртібін;

4) тасымалдаушылардың өзара іс-қимыл жасау және жүкті көлік құралының бір түрінен екінші түріне ауыстырып тиеу тәртібін;

5) бірыңғай тауар-көлік жүкқұжатын (коносаментін) толтыру тәртібін;

6) жеткізу мерзімі мен талаптарын;

7) осы Заңда және аралас тасымалдар қағидаларында көзделмеген өзге де талаптарды қамтуға тиіс.

2. Аралас тасымалдар операторының:

1) егер тасымалдаушының көлік құралы өзінің қасиеті мен көлемінің параметрлері бойынша аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шартында көрсетілген жүк параметрлеріне сәйкес келмейтін болса, тасымалдаушыларға жүкті аралас т а с ы м а л д а у д а н б а с т а р т у ғ а ;

2) клиент көрсеткен жаңа межелі пунктке еңсерілмейтін күштің салдарынан жүкті жеткізуге мүмкіндік болмаған жағдайда, аралас тасымалдаудан бас тартуға және жүк жөнелтушіні бұл туралы алдын ала хабардар ете отырып, жүкті оған қайтаруға құқығы бар. Егер шартта өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының осыған байланысты қосымша шығыстарын жүк жөнелтуші (жүк алушы) өтейді;

3) тасымалдаушыдан аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шарты бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауды талап етуге;

4) жазбаша құжаттық дәлелдемелерді көрсеткен жағдайда аралас тасымал кезінде келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқығы бар.

Аралас тасымалдар операторының Қазақстан Республикасының заңдарында және аралас тасымалдар шартында белгіленген өзге де құқықтары бар.

3. Аралас тасымалдар операторы белгіленген мерзімде жүкті тасымалдаушыға б е р у г е м і н д е т т і .

Аралас тасымалдар операторының Қазақстан Республикасының заңдарында

белгіленген өзге де міндеттері бар.

4. Аралас тасымалдар тасымалдаушысының:

1) өзінің қасиеті, салмағы мен көлемінің параметрлері бойынша аралас тасымалдау кезіндегі өзара іс-қимыл шартында көрсетілген жүк туралы деректерге сәйкес келмейтін жүкті аралас тасымалдаудан бас тартуға;

2) егер жүкті одан әрі тасымалдау жүкті тасымалдау қауіпсіздігіне және оның сақталуына қатер төндірсе, жүкті түсіруге құқығы бар.

Аралас тасымал тасымалдаушысының Қазақстан Республикасының заңдарында және аралас тасымалдау кезіндегі өзара іс-қимыл шартында белгіленген өзге де қ ұ қ ы қ т а р ы б а р .

5. Аралас тасымал тасымалдаушысы:

1) жүктерді тасымалдау қауіпсіздігіне және сапар барысындағы өз бөлігінде жүктің сақталуына төнген қатер туралы аралас тасымалдар операторын дереу хабардар етуге, бұл ретте аралас тасымалдар операторынан алынған нұсқауларды сақтауға, сондай-ақ жүктерді тасымалдау қауіпсіздігін және жүктің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі өзі жасаған іс-қимылдар туралы дереу хабардар етуге;

2) жүкті қабылдау кезінде бірыңғай тауар-көлік жүкқұжатындағы (коносамент) жүкке және оның орамына қатысты жазбалардың дәлдігін тексеруге;

3) автокөлік құралына тиеудің белгіленген нормаларын сақтау, тасымалдауды орындау қауіпсіздігін және жүктің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жүктің салынуы мен бекітілуін бақылауға;

4) аралас тасымалдар операторына мәлімделген жүкті тасымалдау үшін сапар маршруты, көліктің құрамы мен түрі жөнінде ақпарат беруге;

5) операторға жүкті тасымалдаудың тиісті учаскесінде тұрған жерін бақылауға мүмкіндік беруге ;

б) аралас тасымал кезіндегі өзара іс-қимыл шартында белгіленген мерзімде аралас тасымалдаудың келесі тасымалдаушысына немесе жүкті қабылдауға уәкілетті тұлғаға (жүкті алушыға) беруге міндетті.

Аралас тасымалдың тасымалдаушысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де міндеттерді мойнына алады.

12-3-бап. Бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (коносамент).

Қызмет көрсету және аралас тасымалдар шартының талаптарын орындау бірыңғай тауар-көлік жүкқұжатымен (коносаментімен) куәландырылады, онымен аралас тасымалдар операторы мен тасымалдаушылардың жүкті аралас тасымалдар шартының талаптарына және аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шартына сәйкес жүкті межелі пунктке жеткізу үшін өздерінің қарауына қабылдағаны расталады.

Бірыңғай тауар-көлік жүкқұжатының (коносаментінің) нысаны және оны толтыру тәртібі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін аралас тасымалдау қағидаларында белгіленеді .

Халықаралық аралас тасымалдар кезінде халықаралық ұйымдар қабылдаған халықаралық үлгідегі бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (коносаменті) қолданылады.»;

6) 15-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«15-2-бап. Көлік-логистика орталықтары

1. Қазақстан Республикасының аумағында орындалатын операцияларға байланысты халықаралық және өңірлік көлік-логистика орталықтары құрылуы мүмкін.

Халықаралық көлік-логистика орталықтары Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тасымалданатын жүктермен және көлік құралдарымен жасалатын операцияларды орындау үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік және шекаралық операцияларды қоса алғанда, қ а р а п - т е к с е р у г е а р н а л ғ а н .

Өңірлік көлік-логистика орталықтары Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы шегінде жүктермен және көлік құралдарымен жасалатын операцияларды о р ы н д а у ғ а а р н а л ғ а н .

2. Уәкілетті мемлекеттік орган халықаралық және өңірлік көлік-логистика орталықтарын жайластыру және техникалық жарақтандыру жөніндегі үлгілік талаптарды әзірлейді және бекітеді.»;

7) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«17-бап. Тасымалдаушының және аралас тасымалдарға қатысушылардың жауапкершілігі

Тасымалдаушының жолаушылармен және жүк иелерімен, ал аралас тасымалдар кезінде аралас тасымалдар операторының клиентпен, тасымалдаушының оператормен заңнамада белгіленген жауапкершілікті шектеу немесе жою туралы жасасқан келісімдерінің күші болмайды, бұған жүк тасымалы кезіндегі осындай келісімдер мүмкіндігі заң актілерінде көзделген жағдайлар жатпайды.

Тасымалдаушы жүктің, багаждың және почта жөнелтілімдерінің тасымалдауға қабылданған кезінен бастап алушыға берілгенге дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

Егер тасымалдаушы жүктің немесе багаждың жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі өз кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, ол жүктің немесе багаждың жоғалғаны, жетіспегені немесе бүлінгені үшін жауап береді.

Аралас тасымалдар кезінде аралас тасымалдар операторы, егер жүктің жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі, жүкті жеткізіп берудің кешіктірілуі өз кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, ол жүктің жоғалғаны, жетіспегені немесе бүлінгені, сондай-ақ жүкті жеткізіп берудің кешіктірілгені үшін, сондай-ақ шарттың орындалуына тартылған өз жұмыскерлерінің немесе үшінші тұлғалардың әрекеттері және қателіктері үшін клиент алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

Аралас тасымалға қатысатын тасымалдаушы жүк тасымалдауға қабылданған кезден бастап басқа тасымалдаушыға берілген немесе клиентке тапсырылған кезге дейін жүктің жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі, сондай-ақ жүкті жеткізіп берудің

кешіктірілуі өз кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, ол жүктің жоғалғаны, жетіспегені немесе бүлінгені, сондай-ақ жүкті жеткізіп берудің кешіктірілгені үшін аралас тасымалдар операторы алдында жауаптылықта болады.

Жүкті немесе багажды тасымалдау кезінде келтірілген нұқсанды:

1) жүк немесе багаж жоғалған немесе жетіспеген жағдайда - жоғалған немесе жетіспеген жүктің немесе багаждың құны мөлшерінде;

2) жүк немесе багаж зақымданған (бүлінген) жағдайда – олардың құны төмендеген сома мөлшерінде, ал зақымданған жүкті немесе багажды қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда – олардың құны мөлшерінде;

3) құндылығы жарияланып, тасымалдауға тапсырылған жүк немесе багаж жоғалған жағдайда - жүктің немесе багаждың жарияланған құны мөлшерінде өтейді.

Жүктің немесе багаждың құны уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін қағидалар (әдістеме) бойынша тасымалдау және көлік түрлеріне байланысты немесе Қазақстан Республикасы қосылған тиісті халықаралық конвенциялардың қағидаттары негізінде белгіленетін бағасы негізге алына отырып айқындалады.

Жүктің немесе багаждың (коммерциялық акт, жалпы нысандағы акт және с.с.) сақталмауының себептері туралы тасымалдаушы, ал аралас тасымалдар кезінде аралас тасымалдар операторы және аралас тасымалға қатысатын тасымалдаушыны біржақты тәртіппен жасаған құжаттарды, дау туған жағдайда, жүк немесе багаж тасымалдаушының, аралас тасымал кезінде аралас тасымалдар операторының немесе аралас тасымалға қатысатын тасымалдаушының, жөнелтушінің не алушының жауапкершілігіне негіз болуы мүмкін мән-жайларды куәландыратын басқа құжаттармен бірге сот бағалауға тиіс.

Егер тасымалдаушы, ал аралас тасымал кезінде аралас тасымалдар операторы немесе аралас тасымалға қатысатын тасымалдаушы жауап беретін бүліну салдарынан жүктің немесе багаждың сапасы мүлдем өзгеріп, ол тікелей мақсатына пайдаланылмайтындай болып қалса, жүкті немесе багажды алушы одан бас тартуға және оны жоғалтқаны үшін өтем талап етуге құқылы.

Жүк немесе багаж жоғалған не толық жетіспеген жағдайда тасымалдаушы, ал аралас тасымалдар кезінде аралас тасымалдар операторы клиентке және аралас тасымалға қатысатын тасымалдаушы аралас тасымалдар операторына, өтем төлей отырып, жоғалған жүкті немесе багажды тасымалдағаны үшін ақыны қайтарып береді.

Егер тіркелген багажды немесе жүкті тасымалдаушы, ал аралас тасымалдар кезінде аралас тасымалдар операторы немесе аралас тасымалға қатысатын тасымалдаушы жоғалды деп мойындаса немесе, егер осы багаж не жүк жеткізу мерзімі өткеннен кейін 7 күн ішінде тиісті жеріне келіп жетпесе, олар жоғалды деп есептеледі.

Алайда, егер жүк көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп жеткен болса, жүк алушы жүкті қабылдауға және багажды не жүкті жоғалтқаны үшін тасымалдаушы, ал аралас тасымалдар кезінде аралас тасымалдар операторы клиентке және аралас тасымалдарға

қатысатын тасымалдаушының аралас тасымалдар операторына төлеген соманы
қ а й т а р ы п б е р у г е қ ұ қ ы л ы .

Заңнамалық актілерде жауапкершіліктің өзге де түрлері көзделуі мүмкін.»;

8) 17-1-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тасымалдаушыға, ал аралас тасымал кезінде аралас тасымалдар операторына немесе аралас тасымалдауға қатысатын тасымалдаушыға тасымалға байланысты дау жөнінде талап-арыз бергенге дейін оған міндетті түрде талап қойылады.»;

9) 1 8 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Аралас тасымал кезінде аралас тасымал операторы немесе аралас тасымалға қатысатын тасымалдаушы жүкті немесе теңдеме жүкті аралас тасымалдау шартында және аралас тасымал кезінде өзара іс-қимыл жасасу шартында белгіленген мерзімде тиісті жеріне жеткізуге міндетті.»;

мынадай мазмұндағы жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Аралас тасымал кезінде жүкті жеткізіп беруді кешіктіргені үшін тасымалдаушы аралас тасымал операторына, ал аралас тасымал операторы клиентке кешіктірген мерзімнің әрбір тәулігіне тасымалдау үшін төленген ақының 5 пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді, бірақ ол тасымалдау үшін төленген ақының 50 пайызынан аспауға т и і с .

Тасымалдаушы, ал аралас тасымал кезінде аралас тасымал операторы мен аралас тасымалға қатысушы тасымалдаушы, егер жүкті немесе теңдеме жүкті жеткізіп берудің кешіктірілуі кінәсінен болмаса, ол кешіктіру жауапкершілігінен босатылады.

Тасымалдаушы, ал аралас тасымал кезінде аралас тасымал операторы тасымалдың кідіруіне байланысты, егер мұндай жағдай орын алған болса, багажды немесе жүкті жөнелтушіде немесе алушыда пайда болған зиян үшін жауаптылықта болады.»;

мынадай мазмұндағы он екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы бапта көзделген зияндардың мөлшері және оларды анықтау тәртібі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін Жүк және теңдеме жүк тасымалдау және Аралас тасымалдар туралы қағидалармен белгіленеді.».

5. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 23, 138, 142-құжаттар; 2006 ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат ; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 20, 23-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 112-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 9, 15-

құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 11, 80-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 64-құжат; № 14, 87-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат) :

4-баптың 1-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) контейнерлермен жүктерді тасымалдау және бос контейнерлерді тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, магистральдық темір жол желілерінің;».

6. «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат):

1) 16-баптың 2-тармағын мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тасымалдаушы пайдаланылатын жылжымалы құрамның Техникалық пайдалану қағидаларының, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге міндетті.»;

2) мынадай мазмұндағы 40-1-баппен толықтырылсын:

«40-1-бап. Жүкті аралас тасымалдау

Бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (коносамент) бойынша әр түрлі көлік түрлерімен жүктерді аралас тасымалдауға қатысатын тасымалдаушылардың, сондай-ақ басқа да адамдардың қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілерінде айқындалады.»;

3) мынадай мазмұндағы 55-1-баппен толықтырылсын:

«55-1-бап. Алдын ала ақпараттың мәліметтерін ұсыну

Жүк жөнелтушілер, жүк алушылар, экспедиторлар, кеден өкілдері не жүк тасымалдауына байланысты көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыру үшін тартылатын өзге де адамдар мемлекеттік кіріс органдарын алдын ала хабардар етуді жүзеге асыру үшін тасымалдаушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе халықаралық шарттарда белгіленген көлем мен мерзімдерде қажетті мәліметтерді ұсынуға міндетті.»;

4) 79-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жүкті жеткізіп беру мерзімінің өтіп кеткен әрбір тәулігі, егер тасымалдаушы мерзімнің өтіп кеткені өз кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жүк алушыға теміржол көлігімен тасымалдағаны үшін тасымал төлемінің бес пайызы мөлшерінде, бірақ тасымал төлемінің елу пайызынан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.»;

5) 87-баптың 1-тармағының 13) тармақшасындағы «сақталмаған жағдайларда жауапкершіліктен босатылады.» деген сөздер «сақталмаған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) тығыздап тиеу нәтижесінде вагондарды, контейнерлерді өтінімде көзделген мөлшерден аз пайдаланылған жағдайларда жауаптылықтан босатылады.».

7. «Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 246-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 15, 125-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22,

131-құжат; № 23, 143-құжат):

1) 1 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор (бұдан әрі – Ұлттық оператор) – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғам, оның міндеттері халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс не тартылғын инвестициялар шеңберінде ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау, салу, реконструкциялау, жөндеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, оларда ақылы қозғалысты ұйымдастыру және астананың және республикалық маңызы бар қалалардың көшелерін (учаскелерін) қоспағанда, автомобиль жолдарын (жол учаскелерін) сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ осы Заңда белгіленген өкілеттіктерді жүзеге асыру болып табылады;»;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) ақылы қозғалысты ұйымдастыру – жүріп өту үшін ақы алудың бағдарламалық-аппараттық кешендерін енгізу және орнату, сондай-ақ ақылы автомобиль жолдарын басқару арқылы ақылы автомобиль жолдары (жол учаскелері) бойынша жүріп өту үшін ақы алу жөніндегі іс-шаралар;»;

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«22) сапаға сараптама жүргізу жөніндегі заңды тұлғалар – автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде жұмыстардың, сондай-ақ осы

жұмыстарда пайдаланылатын материалдардың сапасына сараптама жүргізу бойынша функциялар жүктелген және тиісті аумақтық бірлікте автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар айқындалған функцияларды жүзеге асыратын автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қарауындағы ұйымдар.

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары оларды салу, реконструкциялау және оларды ақылы қозғалысты ұйымдастыру үшін Ұлттық операторға сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін.»;

3) 5-баптың 1, 3 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасында осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы автомобиль жолдары (жол учаскелері, көпірлер, өткерме жолдар) салынуы мүмкін. Ақылы автомобиль жолдарының (жол учаскелерінің) салынуы мен пайдаланылуын бақылауды автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.»;

«3. Ақылы автомобиль жолдары (жол учаскелері) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, Ұлттық оператор тартқан қаражаты, жеке және заңды тұлғалардың меншікті және (немесе) қарыз қаражаты есебінен немесе концессия шарттарының негізінде салынуы мүмкін.

Республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолы (жол учаскесі) ақылы қозғалысты ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Ұлттық операторға, концессионерге сенімгерлік б а с қ а р у ғ а б е р і л е д і .

Республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолымен (жол учаскесімен) жүріп өту үшін ақы автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен және мөлшерлеме бойынша а л ы н а д ы . » ;

«5. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) жүріп өту үшін ақы алудан түскен ақша, концессия шарты негізінде алынатын ақшаны қоспағанда, Ұлттық оператордың жеке шотында есепке алынады және мыналарға:

1) ақылы автомобиль жолдарын (жол учаскелерін) жөндеуге және күтіп-ұстауға, жүріп өту үшін ақы алудың бағдарламалық-аппараттық кешенін күтіп-ұстауға;

2) жүріп өту үшін ақы алудың бағдарламалық-аппараттық кешенді енгізу және орнату мақсаты үшін тартылған инвестицияларды қайтаруға;

3) автомобиль жолдарында (жол учаскелерінде) ақылы қозғалысты ұйымдастыруға;

4) ақылы автомобиль жолдарын (жол учаскелерін) күтіп-ұстау үшін жол-пайдалану техникасын сатып алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты шығыстарды қ а р ж ы л а н д ы р у ғ а б а ғ ы т т а л а д ы .

Осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мақсаттарға бағытталатын шығыстар, осы баптың 1) және 2) тармақшасында көрсетілген шығыстарды өтеп болғаннан кейін жүріп өту үшін ақыдан алынған ақша есебінен өтеледі.»;

4) 5-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Автомобиль жолдарын (жол учаскелерін) ақылы негізде пайдалану туралы ш е ш і м д е р :

1) автомобиль көлігінің барлық түрлеріне арналған I техникалық санаттағы халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына (жол учаскелеріне);

2) автомобиль көлігінің барлық түрлеріне немесе тек жүк автомобиль көлігіне арналған II техникалық санаттағы халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына (жол учаскелеріне);

3) жүк автомобиль көлігіне арналған III техникалық санаттағы халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына (ж о л у ч а с к е л е р і н е) ;

4) астананың және республикалық маңызы бар қалалардың көшелеріне қатысты қ а б ы л д а н у ы м ү м к і н . » ;

5) 12-баптың 2-тармағында:

8-1) тармақша алып тасталсын;

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«34) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру тәртібін әзірлеу және бекіту;»;

38) мынадай мазмұндағы 40) тармақшамен толықтырылсын:

«40) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу, диагностикалау және паспорттау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес автожол саласының нормативтік-техникалық базасын жетілдіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жатады.»;

6) 13-баптың 1-1-тармағында:

6-1), 6-3) және 6-5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1) астананың, республикалық маңызы бар қаланың ақылы көшелерін (учаскелерін) пайдалану тәртібі мен шарттарын әзірлеу және бекіту;»;

«6-3) астананың, республикалық маңызы бар қаланың көшелерін (учаскелерін) ақылы негізде пайдалану туралы шешім қабылдау;»;

«6-5) ақы енгізілуіне қарай астананың, республикалық маңызы бар қаланың ақылы көшелерімен жүріп өту үшін ақы алу қағидаларын және мөлшерлемелерін әзірлеу және б е к і т у ; » ;

6-6) және 6-7) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-8) және 6-9) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-8) елді мекендердің көшелерін күтіп-ұстау, оларға ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің сыныптамасын бекіту;»;

«6-9) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарға кіреберіс жолдар мен қосылулар салуды келісу;»;

7) 15-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде авторлық қадағалауды - жобалау құжаттамасын әзірлеуші, өндірістік қадағалауды – жұмыстарды орындаушы және автомобиль жолдарын салуды, реконструкциялауды, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуді техникалық қадағалауды – тапсырыс беруші өз бетінше не тиісті аттестаты бар ұйымдар мен сарапшыларды тарту арқылы жүзеге асырады. Автомобиль жолдарын ағымдағы және орташа жөндеу жөніндегі жұмыстардан басқа, аяқталған жол жұмыстарын пайдалануға қабылдауды мемлекеттік қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.»;

8) 20-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ақылы автомобиль жолдарымен (учаскелерімен) жүріп өту ақысын ақы алу пунктін кесіп өту кезінде төлеуді жүргізуге;»;

9) 25-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Автокөлік құралын пайдаланушы ақылы автомобиль жолдары (учаскелері) бойынша жүріп өткені үшін ақы төлемеген жағдайда, берешек автокөлік құралының иесінен өндіріп алынады.»;

10) 29 - бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау, оларға ақылы қозғалысты ұйымдастыру жөніндегі жобаларды іске асыру, сондай-ақ жол сервисі объектілерін дамыту мақсаттарында, Ұлттық оператор Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген қаржыландыру көздерін тартуға және пайдалануға құқылы.»;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде және тартылған инвестициялар шеңберінде жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау сапасына жауапты болады.»;

11) 30 - бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде, оның ішінде сенімгерлік басқаруға берілген не тартылған инвестициялар есебінен жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын

салуды, реконструкциялауды, жөндеуді және күтіп-ұстауды ұйымдастыру;»;
мынадай мазмұндағы 2-1), 3-1) және 6-1) тармақшалармен толықтырылсын:
«2-1) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау;»;
«3-1) Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес жобаларды басқару;»;
«6-1) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу мақсаттары үшін инвестициялар тарту, ақылы қозғалысты ұйымдастыру және жол сервисі объектілерін дамыту;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«7) автомобиль жолдарымен жүріп өтуге арнайы рұқсаты жоқ ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдары туралы ақпаратты есепке алу және автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға ұсыну;»;
мынадай мазмұндағы 9-3) тармақшамен толықтырылсын:
«9-3) жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық маңызы бар автомобиль жолдарындағы жол сервисі объектілерін дамыту;».

8. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат):

мынадай мазмұндағы 54-1-баппен толықтырылсын:
«54-1-бап. Жүкті аралас тасымалдау
Бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (коносамент) бойынша әртүрлі көлік түрлерімен жүктерді аралас тасымалдауға қатысушы тасымалдаушылардың, сондай-ақ басқа да адамдардың қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілерінде айқындалады.»;

2) 69-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Порттың теңіз әкімшілігі жүкті жөнелтушілерге аралас тасымалдауда немесе тікелей теңіз қатынастарында тасымалдау және көліктің басқа түрлерін ұйымдастыру кезінде тасымалдау үшін жүк қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу туралы дереу хабарлайды.»;

3) 234-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Кінә қою жүк тасымалдауды жүзеге асырған тасымалдаушыға, егер жүкті

тасымалдау жүргізілмеген болса, теңізде жүк тасымалдау шартына сәйкес оны жүзеге асыруға міндетті тасымалдаушыға қойылады.»;

4) 236-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жүктің жоғалуынан және кем шығуынан келген залалды өтеу туралы талаптар бойынша жүк берілуі тиіс болған күннен бастап бір ай өткен соң»;

9. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат):

1) 40-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«40-бап. Жүкті аралас тасымалдау

Бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (коносамент) бойынша әртүрлі көлік түрлерімен жүктерді тасымалдауға қатысушы тасымалдаушылардың, сондай-ақ басқа да адамдардың қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілерінде айқындалады.»;

2) 52-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«52-бап. Жүктерді жеткізу мерзімдерін бұзғаны үшін жауаптылық

Жүктерді жеткізу мерзімдерін бұзғаны үшін тасымалдаушы, егер кешіктіру өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, жүк жөнелтушіге (жүк алушыға) кешіктірілген әрбір тәулік үшін тасымалдау төлемақысының бес пайызы мөлшерінде, бірақ тасымалдау төлемақысының елу пайызынан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.».

10. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат):

1) 1-баптың 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«21) көліктік жүкқұжат – тікелей су қатынастарында жүк тасымалдау кезінде ресімделетін тасымалдау құжаты»;

2) мынадай мазмұндағы 56-1-баппен толықтырылсын:
«56-1-бап. Жүкті аралас тасымалдау

Бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (коносамент) бойынша әртүрлі көлік түрлерімен жүктерді тасымалдауға қатысатын тасымалдаушылардың, сондай-ақ басқа да адамдардың қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілерінде айқындалады.»;

3) 82-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тасымалдау, оның ішінде аралас тасымалдау және халықаралық қатынастарда тасымалдау жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тасымалдаушылардың өзара жауаптылығы осы Заңда, Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілерінде, халықаралық шарттарда және жүк тасымалдаушылар арасындағы келісімдерде айқындалады.»;

4) 92-бап алып тасталсын.

5) 100-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

11. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

«14-1) авиациялық хаб – жолаушыларды, багажды, поштаны және жүктерді тағайындалған орынға жеткізу үшін авиакомпаниялар аралық пункт ретінде пайдаланатын, рейстер тоғысуын ұйымдастыру үшін қажетті инфрақұрылымы бар авиакөліктік торапты әуежай;»;

2) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 41-62), 41-63), 41-64), 41-65), 41-66) және 41-67) тармақшалармен толықтырылсын:

«41-62) Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында әуе көлігімен багажды, поштаны және жүктерді тасымалдау мен өңдеу бойынша бірыңғай талаптар мен технологиялық рәсімдерді бекітеді;

41-63) электрондық жүк әуе жүкқұжатының нысанын бекітеді;

41-64) әуе көлігімен багажды, поштаны және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-әрекет қағидаларын бекітеді;

41-65) аэронавигациялар мен әуежайлардың көрсетілетін қызметі аясында табиғи монополия саласындағы реттеуді және бақылауды жүзеге асырады;

41-66) аэронавигациялар мен әуежайлардың көрсетілетін қызметі бойынша табиғи монополиялар салаларына табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) осы сала шеңберінде реттелетіндерге жатқызу мәніне талдау жүргізеді және талдау қорытындылары бойынша табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару (енгізу) туралы ұсынысты енгізеді;

41-67) табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісім бойынша табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялар мен әуежайлардың көрсетілетін қызметіне тарифтерді есептеу әдістемесін бекітеді;»;

3) мынадай мазмұндағы 16-7-баппен толықтырылсын:
«16-7-бап. Азаматтық авиация саласындағы тарифтерді (бағаларды, мөлшерлемелерді, алымдарды) мемлекеттік реттеу

1. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялар мен әуежайлардың көрсетілетін қызметіне тарифтерді (бағаларды, мөлшерлемелерді, алымдарды) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

2. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялар мен әуежайлардың көрсетілетін қызметіне тарифтерді есептеу әдістемесін табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісім бойынша әуежайлық алымдарға және аэронавигациялық қызмет көрсетуге қатысты Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарын және ұсынылатын практикасын ескере отырып азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.»;

4) 65-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:
«3. Әуежайдың пайдаланушысы ұсынылатын қызметтердің азаматтық авиация саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестігін айқындау үшін осы баптың 1-тармағында көрсетілген ұсынылатын қызметтердің сапасына аудитті тұрақты негізде жүргізеді. Мұндай аудитті жүргізу азаматтық авиация ұйымдарының арасындағы шарт негізінде айқындалады.»;

5) 65-1-баптың 1-тармағын мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
«Авиациялық хабтардың аэровокзалдары транзиттік жолаушылар мен олардың багажына қызмет көрсету үшін қажетті алаңы, инфрақұрылымы және жабдықтары болуға тиіс.»;

6) 76-бапта:
5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жүкті тасымалдаған кезде жөнелту және межелі пункттері, жүктің салмағы, оны тасымалдаудың шарттары көрсетілген жүкқұжаты беріледі. Жүк құжаты қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жазылады. Жөнелтуші мәліметтер ұсынуға және жүк берілгенге дейін Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің заңнамалық актілерінде белгіленген рәсімдерді орындау үшін алушыға қажет барлық құжаттарды жүкқұжатына қоса беруге тиіс.

Электрондық түрде жазылатын жүк құжаттарын қабылдау, өңдеу, беру және сақтау авиакомпаниялар қолданатын ақпараттық жүйе мен ақпараттық технологиялар арқылы жүзеге асырылады.

Бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (коносамент) бойынша әр түрлі көлік түрлерімен

жүктерді аралас тасымалдауға қатысатын тасымалдаушылардың, сондай-ақ басқа да адамдардың қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілерінде айқындалады.

Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді тасымалдау ерекшеліктері азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі нұсқаулықта айқындалады.»;

мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2-тармақтармен толықтырылсын:

«5-1. Жүк жөнелтуші, жүкті алушы әуе тасымалдауының құжаттарында көрсетілген жүкті әуе тасымалдаушымен уақытылы межелі пунктіне жеткізілуіне мен оның сақталуын қамтамасыз етілуіне құқығы бар.

Жүкті немесе поштаны тасымалдау шарты бұзылған жағдайда жүк жөнелтушінің немесе жүкті алушының тасымалдаушыдан коммерциялық акті жасауды талап етуге құқығы бар.

Егер жүктің сапасы оның тікелей тағайындалуы бойынша пайдаланылуы мүмкін болмайтындай өзгергендігі анықталған болса, жүк алушының зақымдалған немесе бұзылған жүкті қабылдаудан бас тартуға және оны жоғалтқаны үшін өтем талап етуге құқығы бар.

5-2. Әуе тасымалын жүзеге асыратын авиакомпанияның:

1) жолаушылар мен жүк жөнелтушілерден авиациялық қауіпсіздік пен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды, оның ішінде тексеруді ұйымдастыру және жүргізу арқылы сақтауын талап етеді;

2) жолаушыларға (жүкті жөнелтушілерге) тиісті үлгідегі жарамды әуе кемесін, білікті ұшу экипажын ұсынуды қамтамасыз етуге, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тасымалдау қауіпсіздігін және басқа да көрсетілетін қызметтерді қамтамасыз етеді;

3) жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидаларында белгіленген жолаушыларға, жүкті жөнелтушілерге, жүкті алушыларға қызмет көрсету талаптарын сақтайды;

4) жолаушының, жүкті жөнелтушінің немесе жүкті алушының талап етуі бойынша және жолаушыны, багажды, жүкті немесе поштаны тасымалдау шарты бұзылған жағдайда олардың бірі тасымалдау құжаттарын көрсеткен кезде жүктің немесе теңдеме жүктің (коммерциялық акт, жалпы нысандағы акт және с.с.) сақталмауының себептері туралы құжаттарды жасайды.»;

7) 88-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Әуе кемесінде жолаушылар ретіндегі адамдарға:

1) ұшудың қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайлар жасауға;

2) экипаж мүшелерін қорқытуға;

3) әуе кемесінің бортында бүкіл ұшу кезеңінде темекі шегуге;

4) ұялы байланыс пен радиоэлектрондық құралдарды әуе кемесінің бортында «ұшуда» деген автономдық режимде пайдалануды қоспағанда, ұшудың барлық

кезеңдерінде ұялы, транкингтік байланыс қызметтерін пайдалануға, әуе кемесін жүргізу, биіктікті алу, қонуға бет алу кезеңдерінде тұрмыстық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануға тыйым салынды. » .

12. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 5, 40-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 10-құжат ; № 3, 15-құжат; № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 жылғы 17 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бітімгершілік қызметі мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 15 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 5 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

35-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) тиісті білімі бар азаматтық әуе кемелерінің ұшу экипажының мүшелері, азаматтық авиацияның инженерлері, механиктері және техниктері азаматтық авиация саласындағы жұмыс істеп жүрген барлық кезеңіне;».

2-бап. Осы Заң 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 11-тармағы 2) тармақшасының бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын және 3) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті